Түсінік хат

Еліміздің болашағы балаларды жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу үшін оның бойына ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық салтымызды сіңіріп, ана тілінің нәрімен сусындатқанымыз абзал.

Жас жеткіншектерді қазақтың ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін салушы абай Құнанбаев шығармаларымен таныстыра отырып, оларды елін, жерін сүюге, ерлік пен батылдыққа, адамдық асыл қасиеттерге тәрбиелеу.

Осы мақсатқа сай құрастырылып отырған «Абайтану» вариативтік компоненті 36 сағатты 9бөлімді құрайды.

Мақсаты:

Ауыз әдебиетінен бастау алған Абай шығармаларындағы қара сөздер, даналық сөздер арқылы бала бойына ғасырлар бойына қалыптасқан ұлттық санамызды сіңіріп, анатілінің нәрімен сусындату.

Қыркүйек: «тіл туралы (ана тілі) түсінік қалыптастыру

Қазан: «Абай кім? (Абайдың өмірі, отбасы)

Қараша: «Табиғатты жырлаған Абай»

Желтоқсан: «Абай және табиғат»

Қаңтар: «Абайдың қара сөздер»

Ақпан: «Абайдың даналық сөздер»

Наурыз: «Абай және табиғат егіз ұғым»

Сәуір: «Абай және орыс әдебиеті»

Мамыр: «Абай аудармалар»

Қыркүйек «Тіл туралы (ана тілі) түсінік қалыптастыру»
1-2)Ана тілі (2сағ)
3-4)Сөйлеу мәдениеті (2)
Қазан «Абай кім? (Абайдың өмірі, отбасы)
1) абай құнанбаев өмірімен таныстыру (жалпы шолу)
2) Бала Абай
3)Әке үміті-ана шырағы
4) Әже ақылы
Қараша «Табиғаттың жырлаған Абай»
1)Абайдың табиғат жырлары
2-3) Күз өлеңіне түсінік беру (2сағ)
4) Күз жаттау.
Желтоқсан «Абай және табиғат»
1) табиғат жырларына түсінік беру.
2-3) «Қыс» өлеңін түсіндіру (2сағ)
4) «Қыс» жаттау.
Қаңтар «Абайдың қара сөздер»
1-2) Оқу, білім, өнер (25,32, 33)
3-4) ар, ұят, адамгершілік (5,9,11, 18,24,40)
3) (еңбек -2,24,25,42)
4) (қазақ мақалдары) (5,6,37,29)
Ақпан «Абайдың даналық сөздері»
1) оқу, білім туралы
2) өнер
3) еңбек
4)ақыл, қайрат
Наурыз « Абай және табиғат егіз ұғым»
1) көктем-түсіндіру

2) Көктем-жаттау
3) Жазғытұры-түсіндіру
4) Жазғытұры –жаттау

Сәуір «Абай және орыс әдебиеті»

1) Абай Пушкин
2) Абай әндерін тыңдау (лирика)
3)Крылов және Абай

Мамыр «Абай аудармалары»

1) абай аудармаларына түсінік беру
2) Шегіртке мен құмырсқа түсіндіру
3) Шегіртке мен құмырсқа жаттау
4)Шегіртке мен құрмырсқа сахналау.

№	Айы	Тақырыбы	Мақсаты	Жүру барысы	
1-2	Қыркүйек	Ана тілі	Балаларға ана тілінің адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Ана тілін туған елін, туған жерін сүюге баулу.	1. Түіндіру 2.Сұрақ жауап 3.Қорытынды	2
3-4		Сөйлеу мәдинеті	Баланы сөйлеу мәдениеті арқылы кішіпейілділікке, сөйлеу қарым-қатынасын жасау кезіндегі ілтипаттылыққа тәрбиелеу. Сөйлеу білу стиліне үйрету жолымен мінез-құлық этикалық нормасын қалыптастыру.	1. Түіндіру 2.Тілдік жаттығулар 3.Сұрақ жауап 4.Қорытынды	2
5	Қазан	Адамзаттың Абай	Абай Құнанбаев өмірімен балаларды таныстыру. Абай шығармаларына деген қызығушылықтарын ояту.	1. Түіндіру 2.Шығармаларына түсінік беру. 3.Суреттер қарау 4.Қорытынды	1
6		Бала-Абай	Бала Абай өміріне түсінік беру. Бала қиялына шабыт оятып, әдебиетке деген қызығушылықтарын жетілдіру.	1. Түсіндіру 2. Ой тастау 3. Суреттер қарау 4. Қорытынды	1
7		Әке үміті-ана шырағы	Отбасы, әке тәрбиесі, ана тағылымы туралы баяндау.Үміт, ақыл, білім ұғымдарының мән-мағынасын түсіндіру.	1. Түсіндіру 2. Ой тастау 3. Суреттер қарау 4. Қорытынды	1
8		Әже ақылы	Сыйластықты сезіне білуге баулу. Кішіпейілділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.	1. Түсіндіру 2. Ой тастау 3. Суреттер қарау 4. Қорытынды	1

9	Қараша	Абайдың табиғат жырлары	Абай шығармасындағы табиғат лирикасы туралы ұғындыру. Табиғатты сүйе білуге, қамқорлықпен бағалауға тәрбиелеу.	1.Түсіндіру 2. Табиғат туралы бейне баян қарау. 3. Жыр оқу. 4. Қорытынды.	1
10-11		Күз өлеңі(түсіндіру)	Күз мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді тыңдап түсіне білуге баулу. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	1.Түсіндіру 2. Ой тастау. 3. Суреттер қарау 4. Қорытынды.	2
12		Күз жаттау	Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін нығайта отырып табиғат әсемдігін көре білуге, табиғат туралы өлеңді жақта айта білуге үйрету.	1.Түсіндіру 2.Күз туралы суреттер қарау 3. Оқу, жаттау 4. Қорытынды	1
13	Желтоқсан	Табиғатты жырлаған Абай	Абай шығармаларындағы табиғаттың сұлулығы мен шығарма өміршеңдігіне тоқталу.	1.Түсіндіру 2. Ой тастау-табиғат деген не? 3. Табиғат туралы сурреттер қарау. 4.Қорытынды	1
14-15	Желтоқсан	Қыс өлеңін оқу, түсіндіру	Қыс мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді оқу арқылы көркем әдебиетке қызықтыру. Табиғатты аялауға, тамашалай қарауға, қамқорлық жасауға баулу.	1.Түсіндіру 2. Ой-тастаТабиғатты деген не? 3. Табиғатты туралы суреттер қарау. 4.Қортыныды.	2
16		Қыс өлеңін жаттау	Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейтіп, жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, байланыстырып сөйлей білуге үйрету.Өлең мазмұнын түсіне отырып жаттауға баулу.	1. Түсіндіру 2. Ой тастау 3.Суреттер қарау 4. Қорытынды	1
17	Қаңтар	Абайдың қара сөздері	Абай қара сөздерінің мән-мағынасын ұғындыру. Балаларды ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.	1.Түсіндіру 2.Сұрақ-жауап 3. Қорытынды	1

18		Оқу, өнер, білім(25,32,33)	Бала бойында сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. Білім, өнер туралы ұғымдарын қалыптастыру.	1.Түсіндіру 2. Талдау 3.Қорытынды	1
19		Еңбек –туралы сөздер (2,24)	Қара сөздер арқылы еңбек ұғымының мағынасын түсіндіру. Еңбек ете білуге баулу.	1.Түсіндіру 2.Талдау 3. қорытынды	1
20		Қазақ мақалдар	Мақал-мәтелдер арқылы берілген ойдың мағынасын түсіндіру. Мақалдар арқылы балалардың сөзден түйін түйе білетіндей етіп шешендікке баулу.	1.Түсіндіру 2. Ой-тастау 3. Талдау 4. Қорытынды	1
21	Ақпан	Абайдың даналық сөздері	Даналақ сөздер мағынасын түсіндіру. Баланың ой-өрісін дамытумен қатар жай сұрақтарға жауабын көркем оймен жеткізе білуге үйрету.	1.Түсіндіру 2. Ой-тастау 3. Талдау 4. Қорытынды	1
22		Оқу білім туралы ойлары	Даналық сөздер арқылы балаларды оқу, білімге жігерлендіру.	1.Түсіндіру 2. Ой-тастау 3. Талдау 4. Қорытынды	1
23		Өнер, еңбек туралы даналақ сөздері	Қарапайым сөздер мағынасының мәнін ұғындыру. Өнер, еңбек сөздерінің мағынасын түсіндіру.	1.Түсіндіру 2. Ой-тастау 3. Талдау 4. Қорытынды	1
24		Ақыл, қайрат туралы даналық ойлары	Ақыл, қайрат туралы сөздер мағынасының мағынасын түсіндіру.Даналық ойлар туралы түсініктерін жетілдіру.	1.Түсіндіру 2. Ой-тастау 3. Талдау 4. Қорытынды	1

25	Наурыз	Абай және табиғат көктем өлеңін түсіндіру	Жыл мезгіліндегі табиғат құбылыстарын айыра және салыстыра білуге үйрету. Өлеңді тыңдап, өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу.	1.Түсіндіру 2. Ой тастау-табиғат деген не? 3.Табиғат туралы суреттер қарау 4. қорытынды	1
26		Көктем-жаттау	Көктем мезгілі туралы түсінік беру.Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Өлеңді атқа айту арқылы көркам әдебиетке қызықтыру.	1.Түсіндіру 2. Ой тастау-табиғат деген не? 3.Табиғат туралы суреттер қарау 4. қорытынды	1
27		Абай-Жазғұтыры (өлең сөзіне түсінік беру)	Балалардың жаз мезгілі туралы білімдерін тиянақтау. Жаз мезгіліндегі ерекшеліктермен таныстыра отырып, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Өлең мазмұнын түсіне білуге баулу.	1. Түсіндіру 2. Суреттер қарау, талдау 3. Өлең оқу 4. Қорытынды	1
28		Жазғытұры-жаттау	Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беру. Өлеңді атқа айтуға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.	1.Түсіндіру 2. Талдау 3. Жаттау 4. Қорытынды	1
29	Сәуір	Абай және орыс әдебиеті	Абай шығармаларының орыс әдебиеті классиктерімен жете байланысы туралы түсіндіру. Аударма арқылы дүние жүзі әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдік екендігін ұғындыру.	1Түіндіру 2. Ой-тастау 3. Суретке қарау,талдау 4. Қорытынды.	1
30		Абай және Пушкин	Абай мен орыс ақын жазушылар арасындағы байланыс туралы түсінік беру. Орыс әдебиетінің Абай шығармаларындағы орнын түсіндіру.	1Түіндіру 2. Ой-тастау 3. Суретке қарау,талдау 4. Қорытынды.	1

31		Крылов пен Абай	Абай мен Крылов мысалдары арасындағы әдеби байланыс туралы түсіндіру. Крылов шығармаларындағы кейіпкерлер арқылы баланы еңбекке, достыққа тәрбиелеу.	1Түіндіру 2. Ой-тастау 3. Суретке қарау,талдау 4. Қорытынды.	1
32		Абайдың әндерінің таралуы (Абай сазгер)	Абай шығармасындағы әуендер мазмұнымен таныстыра отырып олардың қазақ поезиясындағы алатын орыны туралы түсіндіру. Әндерді тыңдау арқылы балаларды музыка өнеріне жетелеу.	1. Түсіндіру 2.Әуендер тыңдау 3. Қорытыды	1
33	Мамыр	Абай аудармаларына түінік беру	Әңгіменің мазмұнын түсіну. Шығармадағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік, еңбек қарым-қатынасы әлемімен таныстыру.	1. Түсіндіру 2.Сұрақ-жауап 3.Қорытынды	1
34		Шегіртке мен құмырсқа оқу	Сөйлеу мәнерін қалыптастыру. Сахналау қойылымына атсалысуға ықылас білдіру, сөйлеу мәнерінің көркемдік әдіс-тәсілдерін (дауыс ырғағы, ымдау,ишарат т.б) қолдануды дамыту.	1. Түсіндіру 2. Ой тастау 3.Қорытынды	1
35		Шегіртке мен құмырсқа сахналау	Сахнада ойнай білу іскерліктерін дамыту. Сөйлеу мәнеріне мән бере отырып кейіпкер бейнесін көркем сомдауға, олардың жан дүниесін жеткізе суреттеуге ұмтылыстарын арттыру.	1.Түсіндіру 2.Сахналау 3. Қорытынды	1
36		Абай кім? (сұрақ жауап) қорытынды	Балалар білімдерін саралай отырып Абай шығармаларының өміршеңдігін ұғындыру. Абай туралы білімдерін қорытындылау.	1. Түсіндіру. 2. Сурреттер қарау 3. Сұрақ-жауаптар 4. Қорытынды.	1
Барлығы					36

1.Вариативтік компонент
Ұйымдастырыған оқу қызметі: Абайтану
Тақырыбы: Ана тілі
Білімділігі: Балаларға ана тілінің адам өміріндегі маңызы түсіндіру. Ана тілінің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулу, танымдық қабілетін арттыру.
Дамытушылығы:Ана тілін туған елін, туған жерін сүюге деген құштарлығын дамыту.
Тәрбиелілігі: Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу.
Әдіс*тәсілдері: Түсіндіру, ой тастау,
Көрнекілігі мен құралдары
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жүру барысы:
Балаларды шеңбер тұрғызу:
Қосыл, қосыл шеңберге,
Нағыз адал дос болып.
Қосыл,қосыл шеңберге,
Ең сенімді дос болсын.
Қосыл, қосыл шеңберге,
Ең мейірбан дос болсын.
Қосыл, қосыл шеңберге,
Нағыз шыншыл дос болсын.
Қосыл, қосыл шеңберге,
Нағыз қайырымды дос болсын
Балалар бүгін бізде ерекше оқу қызметі, сендер менімен бірге ғажайып тілдер әлеміне саяхатқа барғыларың келе ме?
Олай болса анамыздың бізге айтар жақсы сөздерін әр түрлі елдер тілінде тыңдап көрелікші (бейне таспадан ананың «жүрегім» деген сөзі үш тілді айтылады).
-Балалар сендер қай тіл айтылған сөзді түсіндіңдер?
Қазақ тілінде

-Ана тілі халықтың ең сенімді құралы болып табылады. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Біздің ана тіліміз-қазақ тілі дүне жүзінде ең бай, беделді, бейнелі тілдердің бірі.
-Халқымыз қашан да тіл өнеріне, шешендікке зор мән берген. Атақты билер мен шешендер , ақындар мен жыраулар ұйқастырып, жыраулар ұйқастырып, өлеңдетіп сөйлеген. Күлгенді жылатып, жылатып, жылағанды жұбататын да осы ана тіліміз.Сонымен қатар халқымыз.
«Мақал сөздің мәйегі»-деп әр сөзін астарлап мақал арқылы да жеткізген.
Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.
Өнер алды қызыл тіл.
Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ.
Сұрақ-жауап:
Неліктен ана-тілін қадірлеңдер дейміз?
Тіл болмас адамдар бір-бірімен қалай түсінеді?
Сергіту жаттығуы:
Ал, балалар, тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп.
Бір отырып бір тұрып,
Біз тынығып алайық.

2.Вариативтік компонент
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Абайтану
Тақырыбы: Сөйлеу мәдениеті
Білімділігі: Баланы сөлеу мәдениеті арқылы кішіпейілділікке, сөйлеу қарым-қатынасын жасау кезіндегі ілтипаттылыққа тәрбиелеу.Сөйлей білу стиліне үйрету жолымен мінез-құлық этикалық нормасын қалыптастыру
Дамытушылығы:
Тәрбиелілігі: Батылдық, адамгершілікке тәриелеу.
Әдіс-тәсілдері:
Көрнекілігімен құралдары:
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жүру барысы:
Шеңбер: «Жылы сөздер»
Шарты:Балалар шеңбер бойына тұрып өз аналарының еркелеткен сөздерін айтып шығады.
Мені анам «ботақаным» -дейді,
Мені анам «қошақаным» -дейді,
Мені анам «жапырағым»-дейді,
Мені анам «ақ патшам»-дейді.
Адамдар бір-бірімен тіл арқылы сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасайды.
Қарым-қатынас жасаудың да түрлері бар.
Өзара қарым-қатынас кезінде адамдар бір-бірімен мейінше сыпайы, мәдениетті сөйлеуі керек.
Сәлем беріп амандасудан бастап, қоштасуды алғыс білдіруді, өтініш жасай білуді де мәдениетті сыпайы жасаған жөн.
Қарым-қатынас кезінде дауыс ырғағы ерекше қызмет атқарады.
Сұрақ-жауап.
Д/ойын: «Досыңды дауысынан таны»
Ойынның шарты: Балаларды шеңбер бойына тұрғызып, бір баланың көзін байлаймыз, оның досы өз досына жақсы тілек білдіреді. Қасындағы баланың дауысын танып білуі керек.
Сергіту сәті:

Біз кішкентай баламыз,
Өсі-ніп толамыз.
Күнге қарай талпынып,
Көкке қолды созамыз.
Қанат қағып ұшамыз .
Қарлығаштай самғаймыз.
Ғажайып сөздер:
Достық жақсы қасиет.
Мен адал, сенімді, жақсы доспын.
Достарға жақсы тілек айту үшін не керек?
Жақсы сөз.
Жақсы сөз қандай сөздер?
-Мен сені жақсы көремін.
-Сен ақылды баласың?
Біздер жақсы достармыз.
Сөз не үшін керек екен?
Достарымыз, ата-анамызға, апайлар жақсы сөздер айту үшін.

3.Вариативтік компонент
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Абайтану
Тақырыбы: Табиғаттың жырлаған Абай
Білімділігі: Абай табиғатты жырлаған лирик ақын екендігін түсіндіре отырып оның шығармаларындағы табиғаттың сұлулығы мен шығарма өміршеңдігіне тоқтау.
Дамытушылығы: Танымдық қабілеттерін дамыта отырып, сөйлеу тілдеріндамыту.
Тәрбиелілігі: Табиғатты сүюге, туған елін, жерін сүюгеғ адамгершілікке, еңбекке ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Көрнекілігімен құралдары:
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жүру барысы:
*Бір-бірімізге қарайық. Мен сендердің көздеріннен қуаныш пен қызығушылық көріп тұрып сендері «Шаттық шеңберіне» шақырамын. Кәнеки, бір-бірімізбен амандасайық!
Армысың, Әлем!-
Армысың, Жарық күн!-
Армысың, абзал Адам!-
Армысың жан досым!
Бүгін біздер өзіміз шығармалары арқылы жақсы білетін Абайдың табиғат жырларымен танысамыз.Абайды лирик ақын деп атаймыз. Өйткені ол табиғаттың әсем сырларын ондағы болып жатқан құбылыстары адам өмірімен ұштастырып жырға қосқан.
-Табиғат дегеніміз не?
*Ол бізді қоршаған орта, гүлдер, шөптер, ағаштар, таулар т.б.
-Бір жылды неше мезгіл бар?
*Қыс, көктем, жаз, күз.
-міне осы табиғаттың тамаша төрт мезгіліне арнап Абай өз өлеңдерін жазған екен.
Ендеше мен сендерге табиғат мезгідері туралы өлең оқып сендерге қай мезгіл екенін табыңдар?
Қар мұз еріп,
Су көбейіп,
Бүршік ашып

Бәйшешектер басады.
Айтыңдарш балалар,
Бұл қай кезде болады? (көктем)
Сендерге қай мезгіл ұнайды?
Несімен ұнайды?
Сергіту жаттығуы
Жаңбыр, жаңбыр,жауасың,
Жанымызға дауасың
Біз ойнайтын ауланың
Тазартасың ауауасын.
«бейнебаяннан жыл мезгілін суреттерін көрсетін әңгімелеу)

4.Вариативтік компонент
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Абайтану
Тақырыбы: Әке үміті-ана шығары
Білімділігі: Отбасы әке тәрбиесі, ана тағылым туралы баяндау. Үміт, ақыл, ілім ұғымдарының мән мағынасын түсіндіру.
Дамытушылығы: Отбасы сүйіспеншілігі, сыйластығы туралы түсінік қалыптастыру. Отбасындағы өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
Тәрбиелілігі: Отбасы, ата-анасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жүру барысы:
Қол ұстасып, бір-бірімізге күлімдей қарап, өз қуанышымызды мынадай сөздермен білдірейік
Мына сұлу әлемде
Адам өмір сүреді.
Үлкен менен кішіге,
Күн сәулесін төгеді
Есік қағып қонаққа кішкентай қыз кіреді. Балалар қызбен амандасады. Сен кімсің қайдан жүрсің ?
Мен анамды ренжітіп алдым енді не істерімді білмей тұрмын.
-Сен анаңа не үшін ренжедің?
Ол маған достарыңмен ойшықты бірігіп ойна дейді, ойыншықты маған әкем сыйға тартқан болатын.
*Балалар сендерқалай ойлайсыңдар, жалғыз ойнаған дұрыс па әлде достарымен бірігіп ойнаған көңілдірек болар ма еді? (балалар өз ойын ортаға салады)
Олай болса мен сендерді ұлы ақын АбайҚұнбаевтың ата-анасымен таныстырайын . Абай Құнанбаев қазақ халқының ұлы ақыны.Ол да сендер сияқты кішкентай бала болған, мүмкін ата-анасын да ренжеткен болар.Есейе келе ата-ананың айтқан жақсы сөздерін тыңдап, барынша айтқан сөздерін тыңдай өсті. Абайдың әкесі Құнанбай ел басқарған ақылды адам болған. Анасы Ұлжан кішкентай Абайды ауыз әдебиетінің нәрімен сусындатты.Ол Абайға ертегі,жұмбақтар, қисаларды көп айтып беретін.Міне ата-ананың ақылы кішкентай Абай үлкен білімді бала болып өседі.
Балалар сендер ата-аналарыңды тыңдайсыңдар ма?
-Ата-аналаның сендерге ренжей ме?

-Не үшін?
-Сендер ата-аналарды ренжіткен соң не істейсіңдер?
Кешірім сұрау дегенді өалай түсінесіңдер?
Сергіту сәті:
Бір шаңырақ астында,
Тату тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да
Бірге сайран құрамыз.
*Ал енді кішкентай қыз ата-ананы ренжітпеу керек екенін түсіндің бе?
*Иә, түсіндім үйге барып анамнан кешірім сұрайын, рахмет достар. Енді анамды тыңдаймын.
Қорытынды.
Сыйлаймын өлеңімен оқу барысын қорытындылау.
Әке менен анамның
Айтқан тілін аламын.
Үлкен кісі жұмсаса
Қайда болсын барамын.
Төсекті өзім жинаймын
Ешкімді де ұрмаймын,
Ешкім маған тимейді,
Мен де бәрін сыйлаймын.

5.Вариативтік компонент
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Абайтану
Тақырыбы: Әже ақылы
Білімділігі: Балаларды әдептілікке, адамдармен қарым-қатынас жасай білуге үйрету.Сыйластықты сезіне білуге баулу.
Дамытушылығы: Отбасындағы әженің рөлін түсіндіру. Өз халқының салт-дәстүрін құрметтеуге баулу.
Тәрбиелілігі: кішіпейілділікке, қамқорлыққа, отбасы мүшелеріне деген сыйластық сезіміне тәрбиелеу.
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жүру барысы:
Шеңбер құру:
Үнтаспадан «Әже» әні тыңдау
-Балалар, өлең кім туралы?
-Сендердің әжелерің бар ма?
-Ендеше бүгін ұлы ақын Абай Құнанбаевтың әжесімен танысамыз. Абайдың әжесі Зере ана. Зерені ауылдастары кәрі әже атаған Зере әже немерелерін соның ішінде Абайды ерекше жақсы көріп көп еркелеткен.Ізгі жүректі, үлкен қамқор, кішіге пана бола білген Зере әже бай өміріне,ақындығына көп әсерін тигізді.
-Сендердің әжелерің бар ма?
Әже деген қандай адам?
-Олар сендердің қалай еркелетеді?
Кім әже туралы тақпақ айтады.
Менің әжем
Менің жем, ақ әжем-
Ұл мен қыздың бағы әжем.
Ертегі айтып бер десең,
Айтып берер тағы әжем,
Шуағы мол нұр әжем,
Ақ таяққа сүйеніп
Аман –есен жүр әжем.

Сергіту сәті.
Күндей болып күлеміз,
Гүлдей болып өсеміз.
Құстай болып ұшамыз,
Көбелектей қонамыз.
Енді ойын ойнаймыз мен сендерге допты лақтырамын сендер әжелеріңе сендер әжелерің деген жылы сөздерді айтасыңдар.
*Әже сізді сағындым
*Сізді жақсы көремін.
Әже сізге қонаққа барамыз.т.б

6.Вариативтік компонент
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Абайтану
Тақырыбы: Табиғатты жырлаған Абай
Білімділігі: Абай Құнанбаев туралы білімдерін меңгерту. Абай жырларына қызығушылықтарын арттыру.Табиғатты қорғауға, аялай білуге үйрету.
Дамытушылығы: Абай табиғатты жырлаған лирик ақын екендігін меңгерте отырып, сөйлеу тілдерін танымдық қабілеттерін дамыту.
Тәрбиелілігі: Табиғатты сүюге, адамгершілікке, еңбекке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, сахналау, ой қозғау, қорытынды.
Көрнекілігі мен құралдары: Абай туралы суреттер топтамасы, жыл мезгілі туралы суреттер, бейне баян.
Шаттық шеңбері:
Табиғат біздің анамыз,
Табиғатты қорғайтын,
Біз әдепті баламыз.
-Балалар қазір жылдың қай мезгіл? (Слайд арқылы қарау)
-Қазір жылдың қыс мезгілі.
-**Табиғат дегеніміз не?**
- табиғат екіге бөлінеді.
-Өлі табиғат, тірі табиғат.
-**Өлі табиғатқа нелер жатады?**
Тау, тас, құм, су, ауа, күн
-**Тірі табиғатқа нелер жатады?**
Жануарлар, құстар, өсімдіктер,
-**Бір жылда неше мезгіл бар?**
Бір жылда төрт мезгіл бар.

Тәрбиеші: Әр жыл мезгілінің өзіндік ерек шеліктері болады, ендеше жыл мезгілдері ортаға шығып өздерінің ерекшеліктерін айтсын.

Көктем: Наступила весна. Выглянуло солнышка. По небо плывут облака. Быстро тает снег. Бегут ручьи.На деревьях надулись почки. Прилетают птицы из теплых стран.

Жаз: Ең қызықты, жақсы мезгіл ол жаз мезгілі. Жазда балалар күнге қыздырып , суға шомылып қызыққа батады.Сондықтан ең тамаша мезгіл ол жаз мезгілі.

Қыс: Табиғаттың әрбір маусымы ерекше болатыны сөзсіз. Әр маусымның өзіне тән қызығы мен серуені бар.Соның ішінде қыс мезгілі өзіндік кіршіксіз аппақ қарыма, қаһарлы мінезімен, сықырлаған аязымен ерекше.Бұл мезгілде адамдар табиғаттың құпиясын, ерекше бір ұмвтвлмас сәттерін тамашалайды.

Күз-оны айт та мұны айт күз мезгіліне не жетсін. Ағаштардың бұта жапырақтары түсе бастайды. Күзде өнім жинау және қысқы мал азығын дайындау аяқталады.Көкөніс пен жемістер жиналып, оларды сақтау үшін қоймаға салады. Құстардың көбі жылы жаққа ұшып кетеді.Мен жайлы Абай атамыз жақсы өлеңдерін жазған.

Тәрбиеші:

Дұрыс айтасыңдар! Әр жыл мезгілінің өзіндік ерекшеліктері мен қызытары бар. Жыл мезгілінің тамаша бейнесін суретшілер қалқаламен өрнектесе, ақындар әсем жырларымен жеткізген. Сол ақындардың бірі Абай Құнанбаев.

Абай Құнанбаев қазақтың ұлы ақыны, лирик, сазгер, қазақ әдебиетінің негізін салушы. Абай бала күнінен халықтың ертегілерін, ақындардың жырларын жаттап өседі. Абайдың әәжесі Зере Абайға халық қазынасынан нәр беріп, бойына ізгілік шуағын сепкен, білімге итермелеген ұлы ұстаз, тәлімгер ана.Анасы Ұлжан-ұстамды, мейірім мен ақылы мол дана кісі болған.

Абайды-лирик ақын өйткені ол табиғаттың әсем сырларын, ондағы болып жатқан құбылыстарды адам өмірімен ұштастырып жырға қосты.

Тәрбиеші: Жаңа өздерің айтқан жылдың төрт мезгілі де Абай жырларынан орын тауып, балалар туындысының алтын қорынын өзіндік орынын тапты.

7.Вариативтік компонент
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Абайтану
Тақырыбы: Абай. Қ. «Жаз» өлеңі
Білімділігі: Балалар жаз мезгілі туралы білімдерін тиянақтау;
Дамытушылығы: Өз ойларын ашық айтуға, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.
Тәрбиелілігі: Көктем мезгіліндегі ерекшеліктермен салыстыра отырып, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру;
Ұйымдастыру кезеңі:
Тәрбиеші:
-Қайырлы таң балалар! Балалар, бүгін бізге ерекше күн! Сендерді «Шаттық шеңберіне» шақырамын.
Қуанамын менде,
Қуанасың сенде,
Қарсы алайық, достарым!
Келді қонақтар бізге.
-Сәлеметсіздер ме!
-Здраствуйте!
-Good morning
Өткенді қайталау:
-Жылдың неше мезгілі бар?
Балалар: 4 мезгіл бар.
-Жарайсыңдар балалар!
-Қазір жылдың қай мезгілі?
Балалар: Жаз мезгілі.
-Көктем мезгілінің ауа-райында қандай ерекшеліктерін білеміз?
Балалар: құстар оралады, қар ериді, гүлдер бүршік атады.
-Балалар, жаз мезгілінде ауа райы қандай болады?

Балалар: Ыссы болады.
Ендеше, осы жаз мезгілі туралы білгілерің келе ме?
Балалар: иә
Бейне сюжет
-Балалар, қане барлығымыз мына бейне сюжет арқылы Абай Құнанбаев атамыздың «Жаз» өлеңімен танысайық

Сөздік жұмыс:
-Балалар, жаңағы Абай атамыздың өлеңін дұрыстап құлақ салып тыңдадық па? Өленің ішінде «Ұзарып», «Күркіреп» деген сөздерді қалай түсінесіңдер?
Тәрбиеші :Әр сөзге тоқталып оның мағынасын ашып, түсіндіріп өтеді. Сөздерді балаларға қайталатады.
Сергіту сәті:
Бейне сюжет «Көңілді күн»
-Балалар, бойларың бір сергіп қалған болар.
-Ал, ойын ойнағыларың келе ме? Ендеше кеттік. Осы ойын арқылы сендердің білімдеріңді де тексеріп өтейін.
Қимылдық ойын: «Тауып көр!»
Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. Білімдерін тексеру.
Ойын шарты: Ортаға 4 бала шығады.
Тәрбиеші екі үстелдің үстіндегі суреттердің ішінен жазға байланысты суреттерді тауып, тақтаға жапсыруды ұсынады. Бірінші тауып орындаған балалар жеңімпаз болады.
Ойын жалғасын табады.
Қорытынды:

8.Вариативтік компонент
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Абайтану
Тақырыбы: Шегіртке мен құмырсқа
Білімділігі: Мысал мазмұнын түсіндіру. Автор туралы мағлұмат беру. Адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді танып, баға беруге үйрету. Мысалдағы жәндіктердің мінез-құлықтары арқылы адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді танып, баға беруді үйрену.
Дамытушылығы: Мысалды талдау арқылы мазмұнын әсерлі жеткізе білу дағдылыран дамыту. Балалардың шығармашылық қасиеттерін шыңдау.
Тәрбиелілігі: Еңбексүйгіштікке, еңбекті бағалай білуге, жақсы қасиеттерге тәрбиелеу.
Сабақтың әдіс тәсілдері: Сұрақ-жауап, ой қозғау, топтастыру, әңгімелеу. Венн диаграммасы. Инсерт әдісі.
Сабақтың көрнекіліктері: А Құнан баев, И.В. Крылов суреті.Шегіртке мен құмырсқаның макеті.
Ұйымдастыру бөлімі:
Қайырлы күн, қонақтар
Қайырлы күн, достым,
Ашық аспан болсын!
Бейсенбінің күні, сәттілікке толсын!
Қызығушылығын ояту.
1. Ине бел, қылқа мойын, қара батыр.
Қара тауды арқалап бара жатыр.
Бұл не? (құмырсқа)
2. Ат басты, арқар мүйізді, бөрі кеуделі, бөкен санды, қос қанатты, құмырсқа ізді,бота тірсекті. (шегіртке)
Кейіпкерлері жан-жануарлар болатын шығарманың түрін қалай атаймыз?
Мысал: мысал дегеніміз адамның жағымсыз қасиеттерін, мінез-құлқын жан-жануарлардың іс-әрекеттерімен суреттеп жазған шығарманың бір түрі.-мысал арқылы бойымыздағы жаман қасиеттерден арылуға, жақсылыққа ұмтылуымыз керек.

Абай бала кезінде ширак, пысық болмағанымен, елдегі шешен, ақын, ертегішілер әңгімесін тез ұғып алатын зеректігімен, ынталылығымен ерекшеленген. Анасы Ұлжан да шешен болған, сөз қадірін білетін ортада өскен кісі. Әкесі онын зеректігін байқағаннан кейін, 10 жасқа толған соң Семейдегі Ахмет Риза медресесіне береді Ұлы ақын, композитор, философ, саясаткер, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы сазгер, аудармашы. Ол орыс жазушыларының шығармаларын аударған. Балалар, біз бүгінгі сабағымызда Абай Құнанбаевтың аудармашылығына тоқталамыз «Шегіртке мен құмырсқа» мысал өлеңімен танысамыз. Бұл өлеңді ақын орыс жазушысы Иван Крыловтан аударған.
Сұрақжауап арқылы талдау жұмысы. 1. Шегіртке жазды қалай өткізді? 2. Шегіткенің жазды күні жағдайы қалай болды?3.Ол құмырсқаға неге келді? Шегірткені ақын қандай адамға теңейді? Құмырсқаны ше?
Қорытынды: Топтасып ой қорыту. Ойлау қалпағы ойынның мақсаты балаларға өз беттерімен сақта сақты қорытуға мүмкіндік беру. Ақ қалпақ. Мысал мазмұнын баяндап айт. Сары қалпақ Шегірткенің рахат өмірі туралы айт. Жасыл қалпақ Құмырсқаның шегірткені үйіне көк қалпақ шегіртке мен құмырсқа қандай мінез құлықтарды байқауға болады? Қара қалпақ-Шегіртке мен құмырсқаның жаман жағымсыз мінез-құлықтары туралы айт.
Еңбек туралы қандай мақал білесіңдер? «Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті» мақаланың мағынасын сұрау. Олай болса Абай атамыз айтқандай, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп еңбекті сүю керек екен.

9.Вариативтік компонент
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Абайтану
Тақырыбы: Шегіртке мен құмырсқа сахналау
Білімділігі: Мысал мазмұнын түсіндіру. Автор туралы мағлұмат беру. Адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді танып, баға беруге үйрету. Мысалдағы жәндіктердің мінез-құлықтары арқылы адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді танып, баға беруді үйрену.
Дамытушылығы: Мысалды талдау арқылы мазмұнын әсерлі жеткізе білу дағдылыран дамыту. Балалардың шығармашылық қасиеттерін шыңдау.
Тәрбиелілігі: Еңбексүйгіштікке, еңбекті бағалай білуге, жақсы қасиеттерге тәрбиелеу.
Тәрбиеші:Абай атамыз табиғат туралы жырлап қана қоймай ұлы орыс классиктерінің шығармаларын да аударған. Соның бірі орыстың ұлы ақыны Крыловтың мысалдары. Ол мысалдар арқылы адамдарды бірлікке, достыққа, еңбекке үндеп отырған. Ендігі кезекте Абай аудармасындағы Крыловтың «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын тыңдаңыздар.
Автор
Шырылдауық шегіртке,
Ыршып жүріп ән салған.
Көгалды қуып гөлайттап
Қызықпен жүріп жазды алған.
Жазды күні жапырақтың
Бірінде тамақ, бірінде үй.
Жапырақ кетті жаз кетті.
Күз болған соң кетті күй.
Жылы жаз жоқ тамақ жоқ.
Өкінгеннен не пайда?
Суық тонған қарны ашық
Ойын қайда ән қайда?

Авто-
Онымен тұрмады,
Қар көрініп қыс болды.
Сауықшыл сорлы бүршиді,
Тым-ақ қиын іс болды.
Секіру қайда сүріліп,
Қабағын қайғы жабады.
Саламда жатып дән жиған,
Құмырсқаны іздеп табады.
Селкілдеп келіп жығылды,
Аяғына бас ұра.
Шегіртке
Қарағым жылыт , тамақ бер
Жаз шыққанша асыра.
Құмырсқа
Мұның жаным сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең?
Жаның үшін еш шаруа,
Ала жаздай қылмап па ең?
Шегіртке
Мен өзіңдей шаруашыл
Жұмсақ илеу үйлі ме ем
Көгалды қуып ән салып,
Өлеңнен қолым тиді ме?
Құмырсқа
Қайтсін қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер.
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де билей бер!
Қорытынды:
Күннің шапақтарына суреттер ілу арқылы оқу қызметін қорытындылау.

-Балалар бүгін кімнің шығармасымен таныстық?
-Абай шығармаларынды нелер туралы жырлаған.
-Табиғат нелер жатады екен?
Неліктен тірі табиғат деп атаймыз?
Бүгінгі оқу қызметімізді қорытындылай отырып табиғатқа деген өз ризашылығымызды білдірейік.
-Күн- сәуле шашқаның үшін рахмет,
-Ағаш-көлеңкең үшін рахмет
-Бұлт-жаңбыр сепкеніңүшін рахмет,
-Табиғат- сұлулығың үшін рахмет!

10.Вариативтік компонент
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Абайтану
Тақырыбы: Абайдың қара сөздері
Білімділігі: Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінуге үйрету, жиырма тоғызыншы қара сөзінің мазмұнын меңгерту.
Дамытушылығы: Балалардың өзінше ой қорытуға, ой түюге баулу, шығармашылық жұмысқа жұмылдыруарқылы таным-түсініктерін дамыту.
Тәрбиелік: балалар дүниетанымын қалыптастыру, адамгершілік қаситтерді балалар бойына сіңіру, ойшыл көтерген проблемалар тағылымынан үлгі алып, баланың азаматтық бейнесін қалыптастыру.
-Балалар бізсіздермен өткен оқу қызметімізде қазақтың бас ақыны атанған ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына шолу жасап, «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінің мазмұнымен танысқан болатынбыз. Бүгінгі сабағымызда Абай атамыздың шығармашылығымен таныстығымызды ары қарай жалғастырамыз.
Бүгінгі сабағымызда:
Қара сөзді,өлеңі қарымды,
Толғайды абай мұңым менен зарымды.
Абай сынды дана туған халықтың,
Ұл-қызы да болу керек дарынды,- деген өлең жолдары арқылы бастағым келіп отыр.
Жалпы, қара сөзде ақын адам бойындағы қайратсыздық, заманның адам әсері, білімге талпыныс,достық, тіленшілік, білгенді үйрету сынды тақырыптарды қозғайды.
«адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват»,-деп әр адамның заманға, заманның адамға әсерін сөз қылады.Абай заманды қалыптастыратын адамдардың өздері екендігін, сондықтан, әркім өзін дамытуға, өзін тәрбиелеуге күш салуы керектігін меңзейді.
«Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»,-деп, адамның кез келген уақытта өзін қолына алып, түзеле алатындығын айтады.
«Бақпен асқан патшадан Мимен асқан қара артық;

Сақалын сатқан кәріден , еңбегін сатқан бала артық», -деп білімге құштарлықты, адал еңбекті насихаттайды.
Абай, осылайша қара сөзінде қоғамдағы олқылықтарды сынап, ұрпаққа, замандастарына жақсылыққа апарар жолды меңзеп, әсер етуге тырысады.
Екінші сөз мен күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді «енеңді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үкі»десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт» деген осы деп. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: «түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе-шаршап, жаяу жүрсе-демін алады, ноғай дегенше,ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, башалшік ноғай» деп.Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп. Орыс ойына келгенін қылады деген ... не айтса соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті» деп. Сонда мен ойлаушы едім:ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім. Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ,шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып,біріменен бірі ешбір шаhары жауласпайды!Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды.Әке балаға қимайтұрған малыңды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой.Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті.Үлкен байлар да, үлкен модалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық-бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда медресе сақтап,дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат,әсем де соларда. Оның малдыларына, құзғын тамағымыз үшін,біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. Біздің ең байымызды: «сәнің шақшы аяғың білән пышыратырға қойған идән түгіл, шық, сасық қазақ»,-деп үйінен қуып шығарады.Оның бәрі-бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері. Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, біз құлы, күні құрлы да жоқпыз. Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?
Жер жүзінде екі мың миллионнан көп артық адам бар , екі миллиондай қазақ бар. Біздің қазақтың достығы,дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер ізденуі, жұрттану ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді –біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Үш миллионнан халқы артық дүниеде бір қала да бар, дүниенің бас-аяғын үш айналып көрген кісі толып жатыр. Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек,қастық қылып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен? Әй, не болсын!...Жүз қараға екі жүз кісі сұғын қадап жүр ғой, бірін-бірі құртпай, құрымай тыныштаба ма?